

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
Кәсіби білім беру колледжі

Педагогикалық кеңесінің
№2 хаттамасы

Тақырыбы : Колледждің білім беру кеңістігінде студенттер мен оқытушылардың
әлеуметтік кәсіптік бейімделуі

2023 жылғы 13 қараша
сағат: 16.00

Алматы қаласы

Педагогикалық кеңес отырысына қатысқандар:

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

1) Карабаева Акбопе Касымбековна – колледж директоры

Педагогикалық кеңесте сөйлегендер:

- 1) Бейсенбаева Н.Р – Әдіскер
- 2) Абдыхалыкова А.Н. – Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
- 3) Копбаева Қ.А. – Арнайы пәндер оқытушысы
- 4) Алимбекова Н.А. – Директордың ОжӘЖЖО
- 5) Сейтова А.М. – Арнайы пәндер оқытушысы
- 7) Акимбаева Ж.Ж. – оқу-тәжірибе жұмысының жетекшісі

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2023-2024 оқу жылында аттестациядан өтуге өтініш берген оқытушылардың өтініштерін қарау үшін колледжішілік аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту. Оқытушыларды біліктілік арттыру курстарына жіберуді ұйымдастыру.
2. Оқытушы тұлғасына қоятын педагогикалық талаптар . Жаңартылған білім бағдарламасын қолданудың тиімді жолдары . Баяндама
3. Үстаздардың кәсіптік біліктілігін жетілдіруде ойындардың рөлі.Баяндама
4. Оқу-тәжірибе жұмысының сапалы ұйымдастыру жағдайы
- 5.Әртүрлі мәселелер. «0105000 – Бастауыш білім беру» мамандығы
«0105083-Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша білім алып жатқан 403 орыс тобының жұмыс оқу жоспарына өзгеріс енгізу.
6. Ағымдық бағалау, аралық аттестация емтихандарына дайындық.

Күн тәртібіндегі мәселелерді Педагогикалық кеңестің төрайымы таныстырып өтіп, бірауыздан регламент 1 сағат деп бекітілді.

1. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөзді колледж директоры Акбопе Касымбековна алды. Ол Республикалық тамыз кеңесінің жұмысына қатысу және 2023-2024 оқу жылында бәсекеге қабілетті маман қалптастыру жөніндегі қызметтің басым бағыттары туралы айтты. Тамыз кеңесі «Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» атты біртұтас аясында өтіп, оған еліміздің 20 облысынан 12 мың білім саласының қызметкерлері қатысты. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев атап өткендей, бүгінде «Ұлттық платформа негізіндегі аттестаттау процесі автоматтандырылған. Енді мұғалімнің қызметі туралы барлық ақпарат оның жеке кабинетінде

жинқталатын болады. Портфолио, сондай-ақ педагогика және оқыту әдістемесі бойынша тестілеу алынып тасталады. Мұғалім тек өз пәнінен сынақтан өтеді. Педагог-зерттеушінің және шебер біліктілік санатын растау алынып тасталды, бірақ Ұлттық тұғырнама арқылы да бақыланады». Енді мұғалімдерге марапаттар олардың оқушыларының жетістіктеріне сәйкес беріледі, бұл біліктілік санатын беруге әкеледі. Бұл зейнет жасындағы мұғалімдерге де қатысты. Сонымен қатар, ұлттық білім беру деректер базасы (ҰБДБ) арқылы педагог кадрларды іріктеу процедурасын толығымен автоматтандыру жоспарлануда. Сонымен қатар, колледж шәкіртакысы I қыркүйектен бастап 50%-ға. Келесі жылы 100%-ға өседі. Колледждің басым бағыттарымен таныстырды. Жас мамандардың легі көп болады.

Отырыс материалдарын, 2023 жылғы 4 шілдеде № 14-VIII ҚР Заңымен қабылданған «КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК туралы» жаңа заңын көрсетті. Ұлттық біліктілік жүйесін кешенді дамыту шеңберінде оқыту нәтижелеріне бағдарлануы және тиісті кәсіптік стандарттар талаптарын ескеруі тиіс. WorldSkills туралы егжей-тегжейлі айтылды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің бұйрығына сәйкес педагогикалық әдепті сақтау мәселесі бойынша біліктілік санаттарын беруге үміткер педагогтар туралы қысқаша ақпарат берді.

Біліктілік арттыру курсы, кәсіби озық тәжірибені тарату жұмыстары, «Жас педагог» мектебінің жұмысы, аттестаттау комиссиясының жұмысы, бірлестік онкүндіктері, педагогтар арасындағы байқаулар, студенттердің ғылыми-шығармашылығы мен пәндік олимпиада бойынша талдау жасады.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша *Директордың ОжӘЖЖО Алимбекова Н.А. сөйледі:*

Қайырлы күн, бүгінгі педагогикалық кеңесінің отырысына қатысушылар. Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр білім алушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз балаларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жандүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кенпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз. Мәселен, қалай болса солай жасалған шаш үлгісі талғамға сай жейденіздің сәнін кетіреді. Ұстаз ата-аналармен және әріптестерімен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті. чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып, мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарыңызбен жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті. Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы – педагог мен бала, ата-ана мен педагог арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

3.Тыңдалды:

«Арнайы пәндер» оқытушылары Акимбаева Ж.Ж., Копбаева Қ.А. оқытушыларға туралы баяндама оқыды .

Баяндама тақырыптары:

Копбаева Қ.А. «Бастауыш сыныпта математиканы оқыту әдістемесі» әдістемелік баяндама Бастауыш сыныптағы математика сабағында оқытудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, оқушылардың шығармашылық ізденістерін, өз бетінше жұмыс істеу белсенділіктерін арттыру барысында теориялық білімдерін кеңейтіп, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда, математиканың негізін қалыптастыру, ұғындыру, түсініктерін тереңдетуде мұғалімдердің математикалық білімдері терең болуы қажет екендігі айтылды.

Акимбаева Ж.Ж «Педагог» кәсіби стандартының тұжырымдамалық негізгі деңгейіндегі заманауи педагогтің үлгісі.

Кәсіби стандартта педагогті оқытудың барлық негізгі бағыттары, ресурстары және өзін-өзі үнемі дамыту мен әріптестік ортада даму, білім алушылармен жұмыс істеу стратегиялары келтірілген. Стандарт - өте маңызды құжат болып табылатындықтан, педагогикалық білімге және педагогтің кәсіби дамуына қатысы бар барлық тұлғалар осы негізгі мәселелер бойынша біртұтас түсінікке ие болғаны біз үшін маңызды. Сондықтан кәсіби стандарттың мақсаты - педагогтердің кәсібилігі мен сапасын арттыру үшін мектептерді, педагогикалық жоғары оқу орындарын, біліктілікті арттыру ұйымдарын, білім басқармаларын біріктіру.

4. Тыңдалды :

Директордың ОжӘЖЖО Алимбекова Н.А. «Жаңартылған білім беру бағдарламасының» басты ерекшеліктерін атап өтті.

«Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты балдары бойынша өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериалды бағалау, кері байланыс тәсілі ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады. Бағдарламаның мәні – баланың функционалды сауаттылығын дамыту. Оқушы өзінің білім ордасынан қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттеліп отыр. Оқушылардың бойына қажетті дағдыларды дарыту үшін мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.»

5. Тыңдалды :

Келесі баяндама «Ұстаздардың кәсіптік біліктілігін жетілдіруде ойындардың рөлі»

Баяндамашы: Арнайы пәндер оқытушысы Сейтова А.М.

Баяндама барсында оқытушыларды топқа бөліп, ойын түрлері көрсетіліп ойнатылды. Жаңа әдіс-тәсілдер қолданылып, талқыланды. Оқытудың жаңа әдіс - тәсілдерін пайдалану мұғалімге оқу процесінің құрылымын түбегейлі өзгертуге, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейтуге және жеке қабілеттерін көре біліп, оны есепке ала отырып дамытуға, толық жағдай жасауға мүмкіндік беретінін түсіненді.

Мұғалімдерге ситуациялық сұрақтар беріледі. Жауабын топта талдап, жауап жазып кір жаятын жіпке іліп қойды.

Таныстырылым көру: «Сіздің мұғалім екендігіңіздің 13 белгісі».

- Жаңашыл ұстаз болудың 13 критерийіне біздің жұмысымыз сай ма?
 - Өзіңізге қандай баға берер едіңіз?
 - Жер шарындағы барлық мұғалімдерге тән олардың ортақ қасиеттері қандай?
- Мұғалімдер өз ойларымен бөлісті, және жоғарыдағы сұрақтарға жауап берді.

6. Тыңдалды :

Педагогикалық кеңестің төртінші мәселесі оқу-тәжірибе жұмыстарын сапалы ұйымдастыру жағдайы болды.

Оқу-тәжірибе жұмысының жетекшісі Акимбава Ж.Ж сөйледі:

Білім алушылардың жоспарға сай тәжірибе жұмыстарына барып жүргендерін қадағалап отыратын бекітілген жетекшілер бар екенін қайталап өтті. Бірінші курс студенттерінің Тәжірибе жұмысына баратын келісім шарттарының нақты нұскасын көрсетіп, келісім шарттардың алдыңғы жылғы қателіктерін түзетуді міндеттеді. Келісім шарттар үш жақты болу керек және берілген нұсқа бойынша толтыру және қадағалануын ескертті.

Оқу тәжірибе жетекшілерінің тізімі :

№	Жетекшінің аты-жөні	Бекітілген топтап
1	Сентова А.М.	111;401;402
2	Абдикалыкова А.Н.	112
3	Калиева А.К.	113
4	Байташев Е.У.	114;312
5	Алимбекова Н.А.	211;212;403
6	Акимбаева Ж.Ж.	301;302;304;311;314;315
7	Бейсенбаева Н.Р.	313
8	Копбаева К.А.	115,303

Педагогикалық кеңесте сараланған әртүрлі мәселелер :

1. Қоғамдық пәндер және арнайы пәндер онкүндік бірлестігінің қортындысы
2. Буллинг бойынша барлық мұғалімдердің курстан өтуін міндеттеу
3. Сабактан жиі қалатын студенттер тізімі мен іс-шаралар
4. Төлемақы бойынша есеп беру
5. «0105000 – Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша «0105083-Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бар 403 тобының РУП өзгеріс енгізу.

Тыңдалды :

«Қоғамдық пәндер» және «Арнайы пәндер » жетекшілері қараша айында өткен бірлестікердің онкүндігі бойынша қорытынды мен жетістіктерді айтып өтті. Өткізілген іс шаралар ортаға салынып , талқыланды.

Тыңдалды :

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Абдыхалыкова А.Н.

Біліктілікті арттыратын курстарға қатысу бойынша ақпарат айтылды, буллинг тақырыбы бойынша міндеттелген курсты өту ақпараттандырылды.

Сабақтан жиі қалатын немесе мүлдем келмейтін студенттерге іс шара қолдану ұсынылды. Әр топ қуарторына сабаққа қатысым және үлгерім мәліметін жинау міндеттелген болатын .

Колледждің төлемақысы туралы хабарлама айтылды . Оқу ақысының 50% желтоқсанның 20 жұлдызына дейін төлеу міндеттелді . Оқу ақысынан қарызы бар білім алушы және сабаққа мүлдем келмейтін оқушының қысқы қорытынды аттестацияға жіберілмейтіндігі хабарланды.

Тыңдалды :

Педагогикалық кеңестің маңызды бөлігін Директордың ОжӘЖЖО Алимбекова Н.А. айтып өтті.

«0105000 – Бастауыш білім беру» мамандығы «0105083-Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігінде оқитын 403 орыс тобының Жұмыс оқу жоспарына өзгеріс енгізу. Нақтырақ айтқанда, баспа барысындағы қателікті ауыстыру мәселесі талқыланды .

Жұмыс оқу жоспарында базалық модуль «Методика перподавания казахского языка » басылып кеткендігі , оның орнына «Методика перподавания русского языка » пәні болу керек екендігі анықталды. Педагогикалық кеңестің ортақ шешімімен пәндерді ауыстыру және сабақ кестесіне енгізу шешілді.

Тыңдалды :

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Алимбекова Н.А.

Ағымдық бағалау мен аралық емтихан сұрақтары мен ережелері жайлы нұсқаулық берді. Студенттердің аралық емтиханға қандай жағдайда жіберілетіні туралы айтылды. Аралық емтихан кестесі мен ережелерін бекітті . Пән мұғалімдеріне емтихан билетін дайындау міндеттелді.

Кенес шешімі :

1. 2023-2024 оқу жылында аттестациядан өтуге өтініш берген оқытушылардың өтініштерін қарау үшін колледжішілік аттестаттау комиссиясының құрамын бекітілді. Оқытушыларды біліктілік арттыру куртастына жіберу жүргізіледі .

2. Оқытушы тұлғасына қоятын педагогикалық талаптар. Жаңартылған білім бағдарламасын қолданудың тиімді жолдары. Баяндамалар және ақпараттармен таныстырылды.

3. «Үстаздардың кәсіптік біліктілігін жетілдіруде ойындардың рөлі» баяндамасы ортаға салынды.

4. Оқу-тәжірибе жұмысының сапалы ұйымдастыру жағдайы талқыланып, келісім шарт мәселесі анықталды.

5. Әртүрлі мәселелер. «0105000 – Бастауыш білім беру» мамандығы «0105083-Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігінде оқитын 403 орыс тобының жұмыс оқу жоспарында базалық модуль «Методика перподавания казахского языка » пәні «Методика перподавания русского языка » пәніне өзгертілді.

6. Аралық емтихан кестесі мен ережелері бекітіліп, нұсқаулық берілді.

Төрайым:
Хатшы:



Карабаева А.К.
Бектұрғанова Ә.Н.